

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 30 қыркүйек 1993 ж. N 977

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы" 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты үкіметтік ғылыми-зерттеу мекемесі, өзінің есеп айырысу есепшоты мен мөрі бар дербес заңды ұйым болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы Ереженің жобасы мақұлдансын және ол Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:

- 1993 жылы Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау институтының Стратегиялық зерттеулер орталығы негізінде құрылған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының жұмыс істеуі үшін қажетті бюджет қаржысының үлесін Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау институтынан алып беруді қамтамасыз етсін ;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын ұстауға арнап республикалық бюджеттен жыл сайын қаржы бөлінуін жүзеге асырсын ;

- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты қызметінің бастапқы жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында 1993 жылы республикалық бюджеттен автомобиль көлігін және жабдықтарды ( ұйымдық техника, компьютерлер мен байланыс құралдары) сатып алу үшін қаражат бөлінсін .

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына халықаралық ғылыми байланыстарды қаржыландыруға, шет ел әдебиетін сатып алуға және шет елдің мерзімді басылымдарына жазылуға арнап жыл сайын валюта қаржысы бөлінуі көзделетін болсын.

5. Шет ел тілдерін білгені үшін Институт қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына белгіленген тәртіп бойынша 15 процент мөлшерінде қосымша ақы төлеу рұқсат етілсін. < \* >

Ескерту. 5-тармақтың 1-ші абзацы күшін жойған - ҚР

Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен. P960031\_

6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына 2 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

7 . < \* >

Ескерту. 7-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

N 813 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті құпиялылық және құпия іс қағаздарын жүргізу режимін ұйымдастыруда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының қызметкерлеріне құпия материалдарға рұқсат етуді ресімдеуде белгіленген тәртіп бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетсін.

9. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі көрсетілген қызметке сом есебімен ақы төлеттіріп Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын қажетті телефон байланысымен және халықаралық автоматты телефакс байланысымен қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына баспа қызметімен шұғылдану құқығын беретін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының жұмыс істеуін және қызметкерлерін үй-жайларға орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1993 жылғы 18 қаңтардағы N 6 қаулысының ғылыми кітапханаға арналған жапсырма құрылыс салуға қатысты бөлігін қайта қарау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсынылсын;<\*>

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетіне оның жалдау негізінде Институттан алып отырған үй-жайларымен бірдей орын бөлу мәселесін 1994 жылдың 1 қыркүйегіне дейін шешетін болсын.

Ескерту. 11-тармағының екінші абзацында сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1994 ж. 25 наурыздағы N 298

қаулысымен. P940298\_

12. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1991 жылғы 20 желтоқсандағы N 225 өкімінің күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК